

Өтініш, тілек мәнді сөйлем

Қалау райы сөйлеушінің белгілі бір амалды немесе әрекетті жүзеге асыруға бағытталған ниетін, тілегін, үміт-арманын білдіреді. Өтініш, тілек мәнді сөйлемдерге **-ғы (+м, +ң) сы кел; -са игі еді; ғай еді; -са екен** тіркестерінің жалғануы арқылы жасалады.

| | | | |
|--------|-------------------|-----------|------------------------|
| Менің | оқы-ғы-м келеді | Біздің | оқы-ғы-мыз келеді |
| Сенің | оқы-ғы-ң келеді | Сендердің | оқы-ғы-лары-ң келеді |
| Сіздің | оқы-ғы-ңыз келеді | Сіздердің | оқы-ғы-лары-ңыз келеді |
| Оның | оқы-ғы-сы келеді | Олардың | оқы-ғы-лар-ы келеді |

Күрделі **-са игі еді** тіркесі арқылы да сөйлеуші басқа (II, III жақ) субъектінің амалды орындауын тек тілек ретінде атайды. Бірақ, амалдың нақтылы орындалатыны я орындалғаны аңғарылмайды.

Мысалы: *сендер оқысаңдар игі еді; олар оқыса игі еді* т.б.

Бұл мысалда күдік немесе күмән мағынасы күштірек білінеді.

Күрделі **-са еді** тіркесі амалға тек арман мәнін үстейді, бірақ оның орындалуы немесе орындалмауы жөнінде ешқандай мәлімет білдірмейді.

Мысалы: *ол көсе еді; сіз көрсеңіз еді* т.б.

Күрделі **-са екен** тіркесі да болашақта істелінетін амалдың жүзеге асуы немесе аспауы ескерілмейді.

Мысалы: *Біз ертең жүрсек екен; ол ойын айтса екен* т.б.